


егемен
Қазақстан

Қаһарман



ОҢТҮСТІК қазақтарының соңғы үш-төрт ғасырлардағы тарихы оқулықтар мен ғылыми әдебиеттерде шынайы түрде көрсетілмей келе жатқаны сияқты, 1916 жылғы Қазақстан мен Орта Азияны шарпыған ұлт-азаттық көтеріліс – оңтүстік өлкесінде де үлкен белең алып, жергілікті тұрғындарға зор зобалаң мен зұлмат әкелгені жайындағы дерек-мағлұматтар да бүгінге дейін ашық жарияланбай келеді. Біз осы көтеріліс туралы сөз етсек, тек Торғай даласындағы Амангелді Иманов пен Жетісу жеріндегі Бекболат Әшекеев бастаған шайқастарды ауызға аламыз. Соған сайып, біздің ұғымымызда 1916 жылғы ақ патшаға қарсы Қазақстан жерінде өткен толқулар жаңағы аталған екі көтеріліспен ғана шектелген деген сенім мен көзқарас қалыптасқан. Ақиқатында ұлт-азаттық көтеріліс Жетісу мен Торғайды ғана емес, күллі қазақ даласын, оның ішінде оңтүстік өңірін де шарпыған. Ол кезеңде бүгінде шартты түрде Қазақстанның оңтүстік облыстарына жататын аумақ Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына кіретін Сырдария және Жетісу облыстарына бөлінген. Өкінішке қарай, оңтүстік өлкеде өткен ұлт-азаттық көтерілісінің тарихы архивтік һәм ауызекі әңгімелер дереккөздері бойынша мол болғанымен, оны арнайы зерттеп жазған ешкім болмапты. Бір ғана дерек – көрнекті жазушы Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе» атты романында 1916 жылы Меркі жерінде Ақкөз деген қария басшылық еткен шайқас көркем әдебиет тұрғысында берілген. Бірақ, бұл дерек ол көтерілістің барлық ақиқатын танып-білуге тым-тым аздық етеді.

1895 жылға дейін қазақ жерінің шегінен асып, Орта Азияның Памир тауларына дейінгі жерлерді бауырына басқан орыс отаршылдары жергілікті халықтардың қалыпты өмір салтын бұзып қана қоймады, оларға өз ұстанымдары мен билік құрылымдарын зорлықпен енгізіп, барлық ұлттарды орыстық тәртіппен күн кешуге мәжбүр етті. Отаршылдықтың салдарынан ежелгі Тұран өлкесінің шаруашылығы күрт төмендеп, жұрт ауыр жағдайға ұшырады. Мал еті мен мақтаға аса зәру болған Ресей басқыншылары онсыз да титықтай бастаған шаруаларды бұрынғыдан бетер қанап, керекті заттарын талап етуден бөлек, қорқытып-үркітіп тартып алды. Оған назаланған қазақтар, өзбектер, қырғыздар, т.б. отаршылдарға қарсы бірнеше мәрте бас көтерді. 1885 жылы Ферғанада, 1898 жылы Өндіжанда, 1892 жылы Ташкентте, 1906 жылы Шымкент уезіне қарасты Бадам, Арыс, Созақ, Түлкібас болыстықтарында болған көтерілістер осындай қысымшылықтың себебінен туындаған еді. Алайда, осындай бас көтерулердің барлығы патша өкіметі тарапынан аяусыз басып тасталып отырылды. Ал мұндай көтерілістердің ең шарықтаған әрі зор белең алған кезеңі 1916 жылдың тамыз бен қараша айларының арасында өтті.

Сондағы көтерілістің бір айдың көлемінде осыншама ұлан-ғайыр өлкеде қалай ғана бірден басталып кеткені әлі күнге дейін жұмбақ. Мысалы, 1916 жылдың тамыз айының аяғына

таман Түркістан генерал-губернаторлығына қарасты Ферғана облысында Мадан бастаған шайқас пен Меркі мен Торғай жеріндегі көтерілістер бір уақытта өрістеген. Дәл осы кезде Сырдария облысына қарасты Ташкент уезі мен Түркістан уезінің және Жетісу облысының бірнеше жерінде де отаршылдар саясатына қарсы бас көтерулер орын алған. Араларында қазіргідей байланыс құралдары жоқ ол уақытта бір-бірінен тым шалғай жатқан өлкелерде көтерілісшілер күні бұрын келіскендей, бір мезгілде бастауы, расында, таңғаларлық жайт.

Алғашқыда патша шенеуніктері кішігірім бас көтерулер үлкен көтеріліске ұласып кетеді деп әсте ойламады. Бұрынғы бейбіт кезде екі-үш-ақ мылтықты солдатпен бір ауылға барып ойран салатын әдеттеріне басып, уездік полицейлер әр ауылға екі-үшеуден аттанып, жарлыққа қарсы шыққандарды жазаламақ болды. Алайда, не болса да тайынбауға кіріскен ауыл адамдары ондай полицейлерді ұрып-соғып, аттарын тартып алып, өздерін жаяу қайтуға мәжбүр етеді. Мұндай оқиғалар күллі Түркістан өлкесіне қарасты облыстарда күнбе күн қайталанып жатады. Бұдан секем алған Түркістан генерал-губернаторының міндетін атқарушы Ерофеев патшадан осы өлкеге әскери жағдай енгізуді сұрайды. Сұранысы сол күні қабылданып, II Николай «Түркістан әскери округі соғыс жағдайында» деген бұйрыққа қол қояды. Патшаның бұл қылығы бүкіл Орта Азия мен Қазақстан халқын «дұшпан армиясы» деп жариялаумен пара-пар болатын. Ертесіне, яғни, 1916 жылдың 17-шілдесі күні Ресейдің әскери министрі әскери сотқа Түркістан өлкесіне байланысты жаңа бұйрық шығарды. Бұйрық бойынша Түркістандағы жергілікті соттар ауыл-ауылдарда бас көтергендерді тергеусіз, куәсіз атып тастауға, болмаса 10-15 жылдан каторгаға айдауға құқылы болды.

Иә, қазақ тарихында ашылмай жатқан сырлар көп. Сондай сырлардың қатарына біз әңгіме етіп отырған кезеңдегі Оңтүстік Қазақстандағы ахуал мен сол жылдары бүкіл өлкеде белең алған көтерілістер де жатады. Оған қоса, сол көтерілістерді басқарған халық көсемдерінің де іс-әрекеттері әлі күнге дейін жалпы жұрт жадынан тыс қалуда. Біз осы уақытқа дейін бұрынғы Кеңес заманы халықтық тұлғалардың шын болмыстарына үңіліп, танып-білуге енжарлық танытып келе жатырмыз. Әсіресе, «болыс» деген атаудың, болыс болған кісілердің тек жаман қасиеттерін тізбелеген кеңестік әдебиет – бізге болыс атаулы өз халқын қанаған, дүние-атақ үшін патшаға шексіз беріліп қызмет еткен тұрпайы тұлға тұрғысында танытты. Әлбетте, мансап үшін халқын сатқан болыстардың да көп болғаны ақиқат, бірақ бәрі бірдей емес. Мәселен, осы мақалаға арқау болып отырған Мошқал Тоқтамысұлы елі үшін жанын да, малын да, қызметін де аямаған болыс болған. Оған мұрағаттық деректер де, көнеден қалған әңгімелер де куә.

Ол – Оңтүстік Қазақстан өңірі Қоқан хандығының қол астына қарап тұрған шақта, нақтысы, 1854 жылы Шымкент хәкімдігіне қарасты Келес-Шыршық датқалығының Ұясу ауылында туған. Бала шағынан Қоқан басқыншы-ларының елге жасаған зәбірін көріп өскен. Есейе келе, өзгелердің қазаққа жасаған зорлығына жаны күйініп, өз халқын бостандыққа жеткізетін жолдарды іздей бастайды. Бірақ сол дәуірде басынан бақ тайып, бірлігі ыдыраған, оның үстіне Қоқанды қиратып, оның орнын басқан орыс отаршылдығының бодандық бұғауына түскен қазақтың саяси ахуалы Мошқалдың адал арманына мықтап тұсау салады. Енді ол бақытын білімнен іздеп, Ташкентке барады. Ондағы үш жылдық медресені бітірген соң ауылына келіп, балаларға дәріс береді. Біраз жылдардан кейін оқытушылығын тастап, диқаншылыққа бет бұрғанды жөн санайды. Айналасындағы елді де осы кәсіппен айналысуға үндеп, еңбек жолындағы қатарластарын көбейтеді. Айналасы аз жылдың ішінде жеміс-жидектің нешеме түрін өсіреді. Аумағы өте кең тегістіктерге арпа-бидай, тары-ноқат егеді. Оның туған жерінің осындай кәсіппен шұғылдануға мол мүмкіндігі болған соң Мошқал бұл еңбекте зор табыстарға жетеді, елін тойындырады. Тіпті, жыл сайын жерден тапқан өнімдерін түйе жеккен арбаға артып, Ташкент, Шымкент сияқты шаһарларға керуен түсіріп, кіре тартады.

ОСЫНДАЙ қажырлы еңбектің арқасында туыстары да, өзі де мол дәулетке кенеледі. 1898 жылы оңтүстік өңірде алапат жұт болады. Сонда Мошқал ағайындары мен өз қолындағы малдың және қамбадағы астығының бәрін ашыққан жұртқа таратады. «Ел аман болсын. Ел аман болса, дәулет деген не, тәйірі. Бәріміз жабылып, екі жыл жер тырмаласак, кеткеннің орнын қайта толтырамыз», депті ол сол кезде «Мұныңыз қалай?» деген базбір тоғышарларға. Расында, жұттан кейінгі екі жылда тағы да көп еңбектеніп, бұрынғы дәулетін қайта толықтыра алмаса да, біраз шыр жинайды. Алайда, барша қазаққа қалайда жақсылық іс істеуді әркез ойынан шығармаған ол енді кішкене де болса бір лауазымды шенге жетуді мақсат етеді. Мұндай мақсатының орайы оған тез келеді. Мошқал тұратын өлке Сырдария облысының Ташкент уезіне қарасты «Кіші Жетісу» болыстығына қарайтын. 1900 жылы болыстыққа кезекті сайлау өтеді. Мошқал сайлауға түседі. Ол кезде қалыптасқан тәртіп бойынша, көп үміткерлер облыс, уезд шенеуніктеріне пара беріп, болыстыққа сайланады екен. Мошқал бір малын шығын қылмай, шар тастауда көпшіліктің қолдауымен бірден болыс сайланады. Ол кейінгі сайлауларда да қатарынан жеңіске жетіп, осы лауазымды Кеңес өкіметі орнағанша атқарады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында ішкі Ресейден отаршылдар Оңтүстік Қазақстан жеріне көптеп көшіріле бастаған. Міне, осы кезеңде Мошқал өзінің қазақтың шын қаһарманы екенін алғаш көрсетеді. Жауланған өлкенің әскери һәм билеуші табына сүйенген қарашекпен ауғындылар келе салысымен-ақ қазақтың шұрайлы жерлерін тартып алып, қоныстануды әдетке айналдырады. Сондай қарашекпен ауғындылардың алғашқы легі Келес, Қазығұрт аймағына 1889 жылы келеді. Олар ә, дегенде-ақ Мошқалдың туыстары және басқа қазақтар жайлаған табиғаты көркем, сулы да нулы «Кіші Жетісу» жерін иемденуге ұмтылады. Сол кезде отыз бес жастағы Мошқал Қазығұрт етегіндегі елдердің биі Естемеспен бірігіп, тау алабындағы қоныстарға бірде-бір қарашекпендіні жібермеу үшін күреске түседі. Қазақтың кіл мықты жігіттерінен қол жинап, келімсектерді Келестің шығыс бетіндегі кең алапқа бастырмайды. Кейін болыс болған кездерінде де осынау ұстанымынан айнымайды. Осы себепті, ауғындылар Келестің орта тұсындағы Шарапхана мен Шұқырбекетке (қазіргі Қазығұрт кенті), одан төмен жазықтағы өздері орнатқан Степное селосына ғана орныға алады. Бұл күрестің өзі де көлемді бір шығармаға арқау боларлық тақырып болғандықтан, бұған көп тоқталмай-ақ оның ақиқат дерек екенін мынадай дәлелдермен көрсетелік. Мошқал басқарған «Кіші Жетісу» болыстығының аумағында бірде-бір орыс ауылы, одан қалса, орысша атаумен аталған ешқандай ауыл болмаған.

Бала кезіндегі Қоқанның, кейін орыс отаршылдарының қазаққа көрсеткен қиянаты бойына өшпестей кек болып қатқан Мошқалға 1916 жылғы дүрбелең кезең зорлықшы келімсектерден өш алатын уақыттай көрінде ме, әлде, ел басына күн туғанда өзіне біткен батырлық пен намысшылдық қасиеті халқына қадірлі болуға итермеледі ме, ол жағы белгісіз, әйтеуір, қалай дегенмен де, ол оңтүстік өңірде аталмыш көтерілісті бастаған алғашқы топбасшы әрі қаһарман еді. Патшаның 25 маусымдағы жарлығынан кейін облыс басшысы Гродеков Ташкент уезінің бастығы Ефремовқа майданға алынатын жігіттердің саны бір ай ішінде тізімге қатталып, қыркүйектің 5-сі күні олардың алғашқы легін Ташкенттегі вокзалдан аттандыруды бұйырған. Уездегі сегіз болыстан он үш мың жігіт алынуы керек еді. Осынау жарлыққа қарсы жер-жерде көтеріліп жатқан наразылықты естіген және де оған жан-тәнімен қарсы боп жүрген «Кіші Жетісу» болысы Мошқал өзіне қарасты ауылдардан батыс майдан үшін жігіт жинауға келіспей, Ұясу, Жаңабазар, Шарбұлақ, Қақпақ ауылдарының старшындарын ақ патша жарлығына мойынсұнбауға шақырады. Төрт жүздей жігітті толық қаруландырып, жасақ құрған Мошқал патша әскері шоғырланып тұрған Ташкентке шаппай, алдымен ішкі жақтағы шоғыр-шоғыр отрядтарды құртуды ойлап, Шымкентке келеді. Ташкент архивіндегі дерек бойынша, ол кезде уезд орталығы саналатын Шымкентте бір рота жаяу әскер, бір атты жүздік, екі зеңбірек және

екі пулеметі бар 20 адамдық арнайы атқыштар командасы болған. Тағы сол архивтегі дерекке қарасақ, тамыздың 19-ы күні Шымкентке жеткен Мошқал қолына жүз қаралы кісіні басқарған Әлнұр Қожаназаров пен Аманбай Қостаев деген жігіттер қосылады. Олар алдымен вокзал маңындағы телеграф үйін өртеп, күл-талқанын шығарады. Дәл сол кезде Бадам, Қаракөл болыстықтарынан 200 адам келіп, көтерілісшілердің қатарын толықтырады. Бәрі бірігіп орамның шығыс жағында орналасқан уезд бастығы мен қала приставы отыратын кеңсені қоршайды.

Ол уақытта Шымкент гарнизоны осы күнгі ескі автовокзалдың маңында екен. Қарақұрым халықтан жаны қалмаған уезд бастығы өзін қарулы төрт полицейге қоршатып, атына міне салып, гарнизонға қарай қашады. Ол қашқан соң көтерілісшілер кеңсеге кіріп астан-кестенін шығарып жатқанда, уезд бастығы ертіп келген жандармдар оларды мылтық, пулеметтерімен атқылап, кейін шегіндіреді. Кеңсе алдында 16 өлік, 31 жаралы қалады. Шегінгендер «Бәрімізді қырып тастасандар да, бір де бір жігіт майдандағы қара жұмысқа бармайды» деп айқайлап, үй-үйдің арасына кіріп жасырынады. Уезд гарнизонымен бес сағат бойы шайқасады. Түн түскенде көтерілісшілердің топ басшылары: «Ауылдарымыздан қосымша күш жиып, бес күннен кейін тағы осында жиналайық» деп уағдаласып, мекендеріне қайтады. Оңтүстікте алғаш рет ұлт-азаттық көтеріліс осылайша басталады.

Сол күннің ертесіне, яғни тамыздың 20-сы күні Шымкент уезінің бастығы Тризна генерал-губернатор Куропаткинге жіберген телеграммасында «Шымкентте де сұмдық оқиға орын алды. Мошқал деген бұзақы болыс пен үш-төрт қарақшы қазақ бастаған 700 қаралы есуас топ уездік кеңсені өртеді, телеграф орталығын талқандады. Қайдан алғандары белгісіз, өзбектердің пәс үйлерінің тасасына тығылған есерсоқ топтың кейбіреулерінде мылтық бар екен. Біздің әскермен кеш түскенше атысты. Гарнизонның 16 солдаты өліп, 17-сі жараланды. Шұғыл түрде қосымша күш жібермесеңіз, жағдайымыздың тұйыққа тірелер түрі бар. Бұл хабарды сізге кеше бұзақы топ талқандаған телеграф орталығын түнімен қайта жөндеуден өткізген соң жолдап отырмын» деп хабарлайды («Восстание в Туркестане», Сб. 1. Ташкент, 1962).

Бір күннен соң өз болыстығының орталығы Шарбұлақ ауылына жеткен Мошқал Ташкентте де халық бас көтеріп, соғысқа дайындалып жатыр екен деген хабарды естіп, қарамағындағы сарбаздарымен сонда баруды жоспарлайды. Бірақ ол жаққа көбірек қолмен жетуді көздеген ол, көтеріліске дабыл қағып, ауыл-ауылдарға кісі шаптырады. Төрт күннің ішінде оның маңайына үш мыңдай еріктілер жиналады. Мошқалдың мол қол жинап Ташкентке аттанатынын Тұрбаттағы бір-екі жансыздар дереу уезд бастығы Ефремовқа жеткізеді. Ефремов Мошқал мен оған ергендерді жазаламақ болып, Черняевкадан 60 солдат ертіп, Шарбұлаққа аттанады. Орыс әскерінің өзін шабуға келе жатқанын естіген Мошқал 3 мың жігіттік қолды бастап, отрядты Келес бойындағы Степное селосы маңында күтіп алады.

1962 жылы Ташкентте шыққан «1916 жылғы көтеріліс» атты жинақтың мәліметінше, Ефремов сол сапарда қорқақтық танытқан. Өзеннің арғы бетінде тұрған құжынаған қазақтардың қолын көргенде рота командирі поручик Токаревке «Қазақтардың бетін өзін қайтар» деп, оған 40 қарулы солдатты қалдырып, кері қайтып кетеді. Оның артынан Токарев те қазақтарға бір оқ атпай, кейін шегінеді. Есесіне, Степное селосының тұрғындары терезелерінен Мошқал тобына оқ атып, бес-алты кісіні өлтіреді. Қаһарланған қазақтар селоға лап қойып, қырық үйлі мұжықтарды жайпап салады. Олардың ішінде Ефремовқа тыңшылық жасаған үш-төрт қазақ, өзбек бар екен.

Осы жеңістеріне масаттанған Мошқал қолы Шыршықтың арғы жағындағы Жаңабазардан Черняевқа қоныс аударған уезд орталығына аттанады. Бұдан құлақтанған Ефремов Ташкенттен шұғыл көмек шақыртады. Бұл уақытта Ташкентте генерал-губернатордың жеке құзырына қарасты 500 адамдық отрядтан басқа әскер жоқ-ты. 29 тамыз күні шаһар алаңына наразылық шеруіне шыққан сегіз мың тұрғынға оқ атып, талайын қырып салған 3 200 адамдық жеке құрам екі күн бұрын Жызак пен Ферғана аймағындағы көтерілісшілерді басып-жаншуға аттандырылған еді. Көтерілісшілер Черняевканы алса, Ташкентке шын қауіп төнетінін сезген Куропаткин өз отрядынан 200 адамды бөліп, сол түні Ефремовқа көмекке жібереді. Олар Ефремовқа қосылғанша Мошқал қолы уезд орталығына келіп үлгереді. Қарулары осал болса да, жер-дүниені таптап кетерліктей қарқынмен келе жатқан қазақтардың 3 мың қолынан зәресі ұшқан Ефремов бір оқ атуға шамасы келмей, Ташкентке қашады. Қазақтар оларды өкшелеп қуып, талайын жер жастандырады. Ефремов ауыр жараланып, ат тұяғының астында қалады. Тірі қалған уезд әскерлері Салар суының үстіндегі қышкөпірден өтіп, қорғануға кіріседі. Осы кезде Ташкенттен оларға көмекке аттанған отряд та жетеді. Сөйтіп, өзеннің екі бетіне шеп құрған екі жақ түн түскенше атысады.

Ертесіне өзеннің арғы бетіне бекінген жаудың қарулары мықты екенін, тіке шапса, бекерге қырылып қалатынын білген қазақ қолы кешегі өлген, жараланған солдаттардың талай мылтықтары мен оқ-дәрілерін олжалайды. Уезд кеңсесін өртеп, қолға түскен солдаттарды өлімші етіп таяқтап, кері шегінеді.

Қыркүйектің 5-і күні патшаның арнайы бұйрығымен Түркістандағы толқуды басу үшін Орынбордан шыққан 16 зеңбірек, 23 пулеметпен жасақталған 3000 солдаттық арнайы полк Ташкентке жетеді. Куропаткин оларды бөліп, майданның әр тұсына жібереді. Бес күн өткен соң орынборлық солдаттарға Ташкенттегі прапорщиктер дайындайтын мектептің курсанттары қосылған 10 зеңбіректі, 12 пулеметті үш мыңдық қол Шымкент тарапты бетке алады. Қаһарлы қарулары бар отряд алдымен Ташкент уезіндегі бас көтерген қазақтарды жазаламақ болып, бірінші Тұрбатқа таяйды. Мошқал бұл жолы жеті мың жігіт жиып, жазалаушы әскерді күтеді. 12 қыркүйек күні түс ауа екі қол Тұрбат пен Алексеевканың (Ленинск) тура ортасындағы Шарбұлақ қырының үстінде кездеседі. Тек шокпар-сойылдармен, ішінара олжаға түскен орыс винтовкаларымен, құс ататын шиті мылтықтармен қаруланған қайран ержүрек қазақтар осы жолы отты қарулардың қандай құдіретті екендіктеріне көз жеткізеді.

Ұрыс алдында Мошқал жігіттерді былай деп қайрайды: «Бәріміз жаудың бетін қайтару үшін, құрту үшін жиналдық. Енді оттас ататын зеңбіректен қорқып, жүрегіміз суламасын. Орыстардың зеңбіректері бір атар ғана. Оларын екінші оқтап үлгергенше біз тіке шауып, шетінен кескілеп тастаймыз. Ал, жұртым, қорқып, үркуші болмаңдар! Бәрімізді аруақ, құдай қолдасын!».

Ташкент отряды қазақтардың қарасын көрген мезетте-ақ, қыр үстінде шапшаң түрде шеп құрып, отты қаруларын дайындыққа келтіреді. Мошқал қолын үшке бөліп, сарбаздарына жауға бір мезетте шабуылдауды пәрмендейді. Сірә, ол қарсы жақ зеңбіректерін ана жақ, мына жаққа бұрғанша сарбаздар дұшпанның шебіне жетіп, қолма-қол айқасқа ілініп қалады деп ойласа керек. Алайда, жазалаушы топтың басшысы оның бұл ойын аңғарып, зеңбіректерін үш жаққа қарата орнатады. Осыны байқаса да, қазақтар бір мезетте үш жақтан лап қояды. Қыр басынан үш мың мылтық, оған қоса, 12 пулемет, 10 зеңбірек бірдей оқ атады. Жүйрік аттарының бар екпінімен шапқан қазақтардың орталарына оттастар дөп түскенде талай жігіт денесі құмдай шашылып, қырылып қалады. Қазақтар сонда да жанкештілікке басып, алға ұмтылады. Зеңбіректер бір сәт атуын тоқтатқанымен,

сақылдаған пулеметтердің, нысанасын дәл көздеген үш мың мылтықтың оқтарынан шептегілер орылған шөптей қиылып түседі.

Алғашқы шабуылда көп қырғынға ұшыраған көтерілісшілер артқа шегініп, Шарбұлақ суының жағасына жиналады да, біраз демалыстан соң қайта шабуылға шығады. Бұл жолы да қолдары орыстардың жағасына жете алмайды. Кеуделерін намыс бұған қазақтар үшінші рет алға жөңкиді. Тағы да сәтсіздікке ұшырайды. Осылайша, алты рет шабуылға шығып, қатарлары қатты ойсыраған Мошқал қолы еңістегі тегісте кеңес құрып тұрғанда жазалаушы отряд орындары бірден көтеріліп, мылтық-пулеметтерімен оқ бората қазақтарға шабады. Осы жерде де талайы оққа ұшқан көтерілісшілер Тұрбатқа қарай шегінеді. Бірақ жау бәрін қырып тастағанша дамыл таппайтындай сыңаймен өкшелеп қалмайды. Тұрбатқа жете бергенде Мошқалдың атына оқ тиіп, өзі жараланады. Бірге еріп келе жатқан серіктері көтеріп, басқа атқа мінгізеді де, бәрі Ысмайыл ата мазарына барып паналайды. Мазар маңына жеткенде аман қалғандарын Ысмайыл әулиенің аруағы қорғады ма, кім білсін, күн батып, ымырт үйіріледі. Осы мезет арттағы жау да тынышталады.

Жазалаушы отряд одан кейін ауыл-ауылдарды шауып, басшы кісілерді атады, қостаушыларды дарға асады. Бұған қатты назаланған Мошқалдың досы Нұржан болыс жүрек талмасына ұшырап, қайтыс болады. Мошқал, Ағабек болыстар, Естемес, Бектібай билер Өгем тауына барып жасырынады.

«Кіші Жетісуды» жайпаған сол жазалаушы отряд осыдан соң бір ай ішінде Шымкент пен Бадамдағы, Арыс пен Түркістандағы және басқа жерлердегі көтерілістерді басып-жаншиды. Бүкіл Сырдария өлкесін қанға бөктіріп, үш мыңнан аса адамды қырып салады. Бұған қоса, облыс көлемінен 107 кісіні ату жазасына кесіп, 72-сін дарға асады. 312 адамды қаторғаға айдайды. Сонымен бірге, аз да болса дегендеріне жетіп, Сырдариядан алты мыңдай жігітті қазан-қараша айларында батыс майдандағы қара жұмысқа аттандырады. Осылайша, 1916 жылғы бүкіл Қазақстан мен Орта Азияны шарпыған дүмпу біздің өңірді де қамтып, сан мыңдаған адамдардың бастарына зұлмат пен зобалаң тудырады. Бұл зобалаңда Сырдария облысындағы сегіз уезге қарасты 146 болыстықтың 114-і атқа қонса, Жетісу облысындағы 130 болыстықтың 102-і шайқасқа қатысты. Екі облыстан 30 мыңға таяу қазақ қырылады, 40 мыңдай қазақ жат жерге ауады. Сол зұлмат ары қарай да жалғаса берер ме еді, егер Петерборда ақпан төңкерісі жасалып, патша ұлықтары өз бастарымен өздері әуре болып кетпегенде.

Өгемнің кездейсоқ адамның аяғы баспайтын жыңғылды шатқалдарына барып, жазалаушы отрядтың қанды шеңгелінен құтылған Мошқал болыс Шарбұлақтағы жеңілісінен кейін сегіз ай бойы жан адаммен сөйлеспей, қатты уайым шегіпті. Санасын қандай ойлар қармап, нендей сұрақтар мазалағанын нақты білмесек те, бәлкім дйттеген арманына қол жеткізе алмағанына іштей құса боп, азапты ойлармен алысып, өмірден баз кешкен шығар. Бәлкім, соңына ерген серіктерінің талайсыз ажалдарына өзін кінәлаған, қатты күйзелген болар. Сонда да, соңғы өсиеті ел есінде. 1917 жылы жазға салым тура 63 жасында мына өмірден өтер шағында туыстары мен балаларына: «Батар күнім таяды. Жұрт мені бай-бақуат, елді айтқанымен өргізіп, жусатты, арманы жоқ кісі дер. Бірақ мен арманның үлкені түгіл кішісіне де қол жеткізе алмай, қасірет шеккен адаммын. Сүйегімді Ысмайыл атаның мазарына апарып жерлеңдер» депті.

Мошқал атамыздың қасіреті қазақтың азаттығы жайындағы ойы шығар. Оған өзі жетпесе де, біз жеттік. Иә, ол еңбекшіл де, ойшыл да, бай-бағлан да, атақты да болды. Сөйте тұра, кейбір мешкей замандастары сияқты ел басына қасірет төнген кезде бас пайдасын ойлап, жасқанып қалмады. Атойлап атқа қонды, ұрандап қол бастады. Жеңілісіне кінә жоқ. Тар

заманда қол бастаған қаһарман жеңіліс тапса да, ісі келер ұрпаққа ұлы өнеге. Мошқал Тоқтамысұлы соңына осындай өнеге қалдырды.

Мошқалдың бес әйелінен Балташ, Балғабай, Айтбай, Бөрте, Үсіпбай, Мәулен, Тағай сияқты жеті ұлы, қыздары Мария және Қалбүбі болған. 3 рет қажылыққа барып жүріп Орта Азиядан келген мұсылмандар намаз оқысын деп, пайғамбарымыз жерленген Медине қаласында мешіт салдырған. Балаларының бәрі әкелерімен бірге жоғарыдағы көтеріліске қатысқан. 1928 жылы байларды тәркілеу науқанында бұлардың малдары болмаса да, байдың тұқымы ретінде шетінен қудалануға ұшырады. Балташ пен Балғабай Сібірге жер аударылса, қалған 5 баласы Тәжікстан мен Өзбекстанға асты. Мошқал қаншалықты дәулетті болса да, балаларын жұрт қатарлы жұмыс атқарып, еңбек етуге үйретіпті. Айтбай жаңа Шыназ колхозында диқаншы болып Ленин, Октябрь революциясы ордендерімен марапатталған. Маулен Жизақ әскери жылқы зауытында жылқы бригадирі болып 100 биеден 101 құлын алып Ленин және Еңбек Қызыл ту ордендерін омырауына таққан. Кеңес одағы тарағанша Мәскеу қаласындағы ВДНХ-ның ауыл шаруашылығы бөлімінде екеуінің де суреттері ілулі тұрды.

Үлкен ұлы Балташтың немересі Бәкір Ахметұлы өмір бойы кеңес, партия ұйымдарында басшылық жасап жүргенінде болыстың шөбересі неге партияны басқарып жүр деп, үстінен арыз түсіп, аудандық парткомның бюросында қаралады. Атасы Мошқал 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің оңтүстіктегі қаһарманы болғанын, ақ патша Николай Мошқалдың басын кесіп алып келген адамға 3000 қара мал беремін деп жарлық жариялағанын және екі рет халықты ашаршылықтан алып қалғанын, ал үшінші жылан тақыр 1916 жылғы ашаршылықта 700 жылқысын, 3000 қара малын, сансыз қойымен, қамбадағы бидайымен елді мекендерге тайқазандар орнатып, быламықпен асырағанын анықтап партияда қалдырады. Бәкір Ахметұлы 23 жыл Созақ аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы лауазымын атқарды. Кеңес одағында мұндай 23 жыл бір ауданды басқарған басшы болмаған да шығар. Бәкірдің баласы Асқар доцент, ғылым кандидаты, қызы Раушан ғылым кандидаты. Мошқалдың жалғыз інісі Нұрлыбектің баласы Қараман Келес, Түркістан аудандық ауыл шаруашылық басқармасының бастығы және де совхоздар директоры, Тағайдан туған Жаппар Сарыағаш ауданы ауыл шаруашылық басқармасы бастығы және совхоздың директоры болды. Одан туылған Батырбек ғылым кандидаты. Қызы Гүлмира Қазығұрт ауданы әкімінің орынбасары, кезінде облыстық ішкі саясат басқармасының бастығы қызметтерін атқарды. Мәуленнің немересі Әлмахан облыс көлеміне белгілі кәсіпкер, Сарыағаш аудандық мәслихатының депутаты.

Иә, тізе берсек, текті атаның жолымен келе жатқан үлгілі ұрпақтың саны 100 отбасынан асып, тізімі жалғаса береді. Мошқал ата ұрпақтарының халыққа сіңірген еңбектері өте зор. Қазығұрт ауданында орналасқан Мошқал атты үлкен бақта жалғыз пионер лагері болған. Мошқал ұрпақтары Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара қызметіне 2 гектар жерді сыйға берген. Осы сыйдың мән-мағынасы Мошқал атадан қалған тәлім-тәрбиені танытады. Бұл тектіліктің бастауында бір кездегі батыр тұлғалы, кесек жүректі, қаһарман Мошқал ата тұр...

Момбек ӘБДӘКІМҰЛЫ,